# АНАЛИТИЧЕСКАЯ СПРАВКА
## о результатах внутреннего анализа коррупционных рисков в деятельности ГКП на праве хозяйственного ведения «Өскемен Водоканал» акимата города Усть-Каменогорска за 2022 год

**г. Усть-Каменогорск**

В целях выявления коррупционных рисков в нормативных правовых актах, затрагивающих деятельность государственного коммунального предприятия на праве хозяйственного ведения «Өскемен Водоканал» акимата города Усть-Каменогорска (далее по тексту Предприятие, а так же в организационно-управленческой деятельности Предприятия проведен внутренний анализ коррупционных рисков в деятельности Предприятия за январь-ноябрь 2022 года. Основание проведения анализа коррупционных рисков приказ № 155 от 4 октября 2022 года «О создании рабочей комиссии по проведению внутреннего анализа коррупционных рисков на предприятии за 2022 года».

Согласно Устава государственного коммунального предприятия на праве хозяйственного ведения «Өскемен Водоканал» акимата города Усть-Каменогорска, утвержденного постановлением акимата г. Усть-Каменогорска № 1666 от 19.04.2019 года, предметом деятельности является жизнеобеспечение населенных пунктов. Целью деятельности Предприятия является деятельность в области водоснабжения, водоотведения и очистка сточных вод населения и хозяйствующих субъектов.

Предприятие осуществляет 2 основных вида деятельности: оказание услуг водоснабжения и водоотведения потребителям в административных границах города Усть-Каменогорска, за исключением части п. Согра.

Директор Предприятия – Аубакиров Ержан Майданович назначен на данную должность приказом руководителя ГУ «Отдел жилищно коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог города Усть-Каменогорска» № 120 от 22.10.2009 года.

### I. Выявление коррупционных рисков в нормативных правовых актах, затрагивающих деятельность Предприятия.

В ходе проведения внутреннего анализа коррупционных рисков были изучены следующие нормативные правовые акты: Трудовой кодекс Республики Казахстан, Водный кодекс Республики Казахстан, Закон Республики Казахстан «О естественных монополиях», Приказ Министра национальной экономики Республики Казахстан от 13 августа 2019 года № 73 «Об утверждении Правил осуществления деятельности субъектами естественных монополий», Приказ Министра национальной экономики Республики Казахстан от 20 июля 2015 года № 546 «Об утверждении Правил приема сточных вод в системы водоотведения населенных пунктов».

***1.1. Наличие прямого контакта поставщика услуг, которым является предприятие, с потребителем в процессе подачи письменного обращения (заявки, заявления) на получение технического условия на присоединение объектов или на развитие сетей водоснабжения и водоотведения.***

В соответствии с Правилами осуществления деятельности субъектами естественных монополий, утвержденными приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 13 августа 2019 года № 73 (далее по тексту Правила), Предприятие выдает технические условия на присоединение объектов или на развитие инженерных сетей водоснабжения и водоотведения при наличии достаточного запаса производительности сооружений и пропускной способности сетей водоснабжения и водоотведения населенного пункта.

Согласно параграфа 12 Правил, потребитель для получения технических условий представляет поставщику услуг, которым является Предприятие, письменное обращение (заявка, заявление). Перечень необходимых документов, прилагаемых к обращению, определен Правилами.

При этом не предусмотрено обращение через некоммерческое АО «Государственная корпорация «Правительство для граждан», через веб-портал «электронного правительства» или Центры обслуживания населения (ЦОН).

Таким образом, при подаче обращения непосредственно поставщику услуг имеет место прямой контакт двух сторон, что влечет за собой коррупционный риск в виде возможного предоставления неправомерного предпочтения при выдаче технического условия. По данному факту еще 10 февраля 2017 года в Департамент Комитета по регулированию естественных монополий и защите конкуренции Министерства национальной экономики Республики Казахстан по ВКО направленно соответствующее письмо о необходимости внесения изменений в Правила. 15.02.2017 за исх. № 04-08/467 получен ответ, что работы в части передачи функций приема письменных обращений на получение технических условий на подключение к системам водоснабжения и водоотведения через некоммерческое АО «Государственная корпорация «Правительство для граждан», через веб-портал «электронного правительства» или Центры обслуживания населения (ЦОН) ведутся Комитетом по регулированию естественных монополий и защите конкуренции Министерства национальной экономики РК совместно с органами исполнительной власти, в том числе и МИО. Однако, на сегодняшний день, получение технических условий Потребителями возможно лишь при личном обращении на Предприятие. В связи с чем, коррупционный риск является актуальным.

С 2019 года по заказу Управления земельных отношений по ВКО введена программа получения технических условий в электронном виде, через государственный геопортал.

Однако в отчетный период заявок в электронном виде не поступало, по причине отсутствия у потребителей электронных цифровых подписей и сканированных копий необходимых документов. Потребители продолжают приносить заявки в бумажном виде с приложением копий документов.

**Рекомендация:**

1) Провести разъяснительные мероприятия, в том числе через СМИ о возможности получения технических условий через геопортал.

**II. Выявление коррупционных рисков в организационно-правленческой деятельности Предприятия**

**1) Управление персоналом, в том числе сменяемость кадров.**

Штатная численность Предприятия составляет - 963 единицы. Фактически по состоянию на ноябрь 2022 года на предприятии работает 764 человек. Работники предприятия не относятся к категории государственных служащих. Число вакантных должностей 80 единиц. Отделом кадров предприятия ведется постоянная работа по закрытию вакантных должностей. Направляются заявки в центр занятости населения, размещаются объявления на сайте предприятия: ukg-vodokanal.kz, в приложении instagram: presssec.vodokanal.ukg. Большое количество вакантных должностей объясняется низким уровнем заработной платы. Формирование, заработной платы производиться согласно Правил формирования тарифов утвержденных приказом Министра национальной экономики РК от 19 ноября 2019 года № 90 исходя из среднемесячной заработной платы в регионе *(которая является низкой по региону)*, в котором субъект оказывает услуги, согласно видам экономической деятельности, сложившейся по данным статистики за год.

***Сменяемость кадров:***

За январь-ноябрь 2022 года уволено 168 человек, из них:
- 147 работников по собственному желанию;
- 15 человек в связи с достигшим пенсионным возрастом;
- 3 человек по состоянию здоровья.
- 3 работника в связи со смертью.

За отчетный период принято на работу 136 человек.

Переведено на вышестоящую должность – 0 работника.

Фактов понижения в должности не установлено.

Работники Предприятия соответствуют квалификационным требованиям к занимаемой должности, утвержденным в должностной инструкции соответствующей профессии.

***Дисциплинарные взыскания:***

За январь-ноябрь 2022 года на Предприятии привлечены к дисциплинарной ответственности 3 работника:

- за ненадлежащее исполнение должностных обязанностей **1 работнику** - объявлено замечание (нарушение в сфере законодательства о государственных закупках, а именно не указание в технической

спецификации закупаемых товаров (работ, услуг) национального стандарта (ГОСТ). Данное нарушение не квалифицируется, как факт проявления коррупции);

- за нарушение правил трудового распорядка предприятия **2 работникам -** объявлен выговор.

За текущий период лиц, привлеченных к дисциплинарной ответственности за совершение коррупционных правонарушений не было.

**Рекомендации:**

1) Принять меры по заполнению вакантных должностей.

2) В целях укрепления трудовой дисциплины и в воспитательных целях не допускать случаев досрочного снятия ранее наложенных дисциплинарных взысканий.

Фактов досрочного снятия наложенных дисциплинарных взысканий не установлено.

***Обращения физических и юридических лиц:***

На Предприятии имеются сотрудники ответственные за осуществление контроля за своевременным приемом и рассмотрением обращений граждан.

С июля 2021 года внедрена система «Е-Отініш», где ведется регистрация, учет и обработка обращений в соответствии с требованиями Административно - процедурно процессуального кодекса Республики Казахстан (далее - АППК).

В период январь - ноябрь 2022 года в адрес предприятия поступило 3382 обращения физических и юридических лиц, из них: 1241 обращение в абонентный отдел и 2118 обращений в различные подразделения управления предприятия, 23 обращения поступило через систему «Е-Отініш».

По абонентному отделу в основном:

453 обращений от юридических лиц по вопросу перезаключения договоров, 464 по разъяснению проведенного начисления платы за услуги водоснабжения и водоотведения и 218 по различным вопросам. Договора перезаключены, разъяснения предоставлены;

41 обращение физических лиц по вопросу пересмотра начисления произведенной платы, разъяснению проведенного начисления платы за услуги водоснабжения и водоотведения, 65 обращений по различным вопросам. Разъяснения потребителям предоставлены.

Из 2118 обращений в отделы управления:

1307 обращений от физических лиц. При этом 1242 заявления на получение технических условий и 65 по различным вопросам.

811 обращений от юридических лиц. При этом 775 заявлений на получение технических условий и 36 заявления по различным вопросам.

Все заявки на получение технических условий направлены в бумажном виде, с приложением копий документов.

Все обращения были рассмотрены в соответствии с нормами Административно - процедурно процессуального кодекса Республики Казахстан в установленные законодательством сроки.

Фактически фактов коррупционного риска не установлено.

В здании управления предприятия, а так же в абонентном отделе установлены ящики «Доверия» для приема обращений физических и юридических лиц на не правомерные действия должностных лиц. Жалоб на неправомерные действия сотрудников от физических и юридических лиц не поступало.

**Рекомендации:**

1) Дополнительно провести среди сотрудников предприятия работу по разъяснению норм и требований Административно - процедурно процессуального кодекса Республики Казахстан. Обратить внимание сотрудников на недопущение нарушения сроков при их рассмотрении.

**2) Урегулирование конфликта интересов**

При проведении внутреннего анализа коррупционных рисков, конфликта интересов, совместной работы близких родственников, супругов и свойственников, не установлено.

**3) Оказание государственных услуг**

ГКП «Өскемен Водоканал» не оказывает государственных услуг, Предприятие оказывает услуги водоснабжения и водоотведения потребителям города, по тарифам, утвержденным Департаментом Комитета по регулированию естественных монополий и защите конкуренции Министерства национальной экономики Республики Казахстан по ВКО.

**4) Разрешительными функциями Предприятие не обладает.**

**5) Контрольными функциями Предприятие не обладает.**

**6) Иные вопросы, вытекающие из организационно-управленческой деятельности объекта внутреннего анализа коррупционных рисков.**

За отчетный период по итогам проверок предприятия государственными контролирующими органами выявлены следующие нарушения:

В июле текущего года по проверке РГУ «Департаментом внутреннего государственного аудита по ВКО» (далее – ДГВА) были выявлены нарушения допущенные предприятием при проведении закупки, а именно в Технической спецификации товара не было указаний на национальные стандарты либо межгосударственные стандарты. Начальнику отдела юридической работы и государственных закупок было указано на слабый контроль за соблюдением работниками отдела требований законодательства о государственных закупках и принять действенные меры по недопущению впредь нарушений законодательства.

Специалисту государственных закупок предприятия за допущенные нарушения объявлено замечание.

Выявленные в ходе проверки нарушения не квалифицируются, как факты проявления коррупции.

**Мероприятия по противодействию коррупции:**

Согласно утвержденного плана мероприятий комплаенс - службы на 2022 год от 31 декабря 2021 года на предприятии за отчетный период в целях повышения антикоррупционной культуры на стендах в зданиях объектов Предприятия размещены специальные информационные листки.

Были проведены семинары на темы разъяснения законодательства о противодействии коррупции, разъяснения основных положений и принципов Концепции антикоррупционной политики на 2022-2026 года, а так же нулевой терпимости к коррупции. Ознакомление работников предприятия с письмом Агентства Республики Казахстан по противодействию коррупции о наличии факторов совершения административных правонарушений, в том числе коррупционных, государственными служащими, сотрудниками подведомственных организаций, а так же субъектов квазигосударственного сектора.

Так же были разработаны и внедрены следующие документы: политика противодействия коррупции, положение по урегулированию конфликтов интересов, инструкция по противодействию коррупции коммерческому подкупу работников предприятия. Был проведен антикоррупционный мониторинг, результаты которого были размещены на сайте предприятия: ukg-vodokanal.kz.

Ведется мониторинг при приеме на работу, а так же среди работников по выявлению лиц (работников) ранее совершивших коррупционные правонарушения.

В здании предприятия размещен ящик «Доверия» для приема обращений физических и юридических лиц на не правомерные действия должностных лиц. Ведется ежедневная проверка на наличие писем. На сегодняшний день обращений не поступало.

**Председатель комиссии:**

**Директор** **Е.М.Аубакиров**

Члены рабочей комиссии:
Заместителя директора
по финансово-экономическим вопросам А.С. Оспанова

Начальник юридического отдела Е.М.Молдагулов

Начальник отдела кадров Г.Т.Оспантаева

Юрисконсульт 1 категории Т.С. Ложникова
(коплаенс-офицер)

**2022 жылға Өскемен қаласы әкімдігінің «Өскемен Водоканал» шаруашылық жүргізу құқығындағы МКК қызметінде жемқорлық тәуекелділіктерін ішкі талдау қорытындылары туралы**
**АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

**Өскемен қ.**

Өскемен қаласы әкімдігінің «Өскемен Водоканал» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны (мәтін бойынша әрі қарай Кәсіпорын) қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерде, сондай-ақ Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдігін анықтау мақсатында 2022 жылғы қаңтар-қарашаға Кәсіпорын қызметінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдігін ішкі талдау жүргізілді.

Өскемен қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 19 сәуірдегі №1666 қаулысымен бекітілген Өскемен қаласы әкімдігінің «Өскемен Водоканал» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының Жарғысына сәйкес қызмет мәні елді мекендердің тіршілігін қамтамасыз ету болып табылады. Кәсіпорын қызметінің мақсаты - сумен қамту, су бұру және тұрғындардан және шаруашылық етуші субъектілерден түсетін ағынды суларды тазарту болып табылады.

Кәсіпорын негізгі 2 қызмет түрін жүзеге асырады: Согра к. бөлігін қоспағанда, Өскемен қаласының әкімшілік шекарасындағы тұтынушыларға сумен қамту және су бұру қызметтерін көрсету.

Кәсіпорын директоры – Ержан Майданұлы Аубакиров аталған лауазымға «Өскемен қаласы тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ басшысының 2009 жылғы 22 қазандағы № 120 бұйрығымен тағайындалған.

**I. Кәсіпорын қызметіне әсер ететін нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында мынадай нормативтік құқықтық актілер зерделенді: Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының Су кодексі, Қазақстан Республикасының «Табиғи монополиялар туралы» Заңы, «Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрінің 2019 жылғы 13 тамыздағы № 73 Бұйрығы, Қазақстан Республикасының «Елді мекендердің су бұру жүйелеріне сарқынды суларды қабылдау қағидаларын бекіту туралы» Ұлттық экономика Министрінің 2015 жылғы 20 шілдедегі № 546 бұйрығы.

***1.1. Нысандарды қосуға немесе сумен қамту және су бұру желілерін дамытуға техникалық шартты алуға жазбаша өтініш (тапсырыс, өтініш) беру барысында кәсіпорын болып табылатын қызметтерді жеткізушінің тұтынушымен тікелей байланысының болуы.***

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрінің 2014 жылғы

29 желтоқсандағы № 175 бұйрығымен бекітілген, табиғи монополиялар саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) қол жеткізудің тең жағдайларын ұсыну қағидаларына (бұдан әрі мәтін бойынша Ереже) сәйкес кәсіпорын объектілерді қосуға немесе елді мекеннің сумен қамту және су бұру желілерінің өткізу қабілеті мен құрылыстардың өнімділігінің жеткілікті қоры болған кезде сумен жабдықтау және су бұрудың инженерлік желілерін дамытуға техникалық шарттар береді.

Ереженің 12-тарауына сәйкес, тұтынушы техникалық шартты алу үшін өнім беруші болып табылатын Кәсіпорынға жазбаша өтініш (тапсырыс, өтініш) береді. Өтінішке қосымша берілетін қажетті құжаттар тізілімі Ережеде анықталған.

Сонымен бірге «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпарациясы» коммерциялық емес АҚ, «электрондық үкімет» веб-порталы немесе Тұрғындарға қызмет көрсету орталығы (ТҚКО) арқылы хабарласу қарастырылмаған.

Осылайша, өтінішті тікелей өнім берушіге беру кезінде екі тараптың тікелей қарым-қатынасы орын алады, бұл техникалық шартты беру кезінде заңсыз артықшылық ұсыну мүмкіндігі түрінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдігін әкеледі. Осы жемқорлық тәуекелдігі 2016 жылғы 2-жартыжылдықта анықталған. 2017 жылы 10 ақпанда осы факті бойынша ШҚО бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті Департаменті (аумақтық орган) 15.02.2017 жылғы шығыс № 04-08/467 хатына Ережеге өзгерістер енгізу жөнінде жауап алды, сумен қамту және су бұру жүйелеріне қосылуға техникалық шарттарды алуға жазбаша өтініштерді «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес АҚ, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы немесе Тұрғындарға қызмет көрсету орталығы (ТҚКО) ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті атқарушы билік органдарымен, соның ішінде ЖАО-мен бірлесіп жүргізіледі. Алайда, бүгінгі күні тұтынушылардың техникалық шарттарды алуы тек кәсіпорынға жеке жүгінген кезде ғана мүмкін болады. Осыған байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелі өзекті болып табылады.

2019 жылдан бастап ШҚО бойынша жер қатынастары басқармасының тапсырысы бойынша мемлекеттік геопортал арқылы техникалық шарттарды электронды түрде алу бағдарламасы енгізілді.

Алайда, есепті кезеңде тұтынушыларда электрондық цифрлық қолтаңбалардың және қажетті құжаттардың сканерленген көшірмелерінің болмауы себебінен электрондық түрде өтінімдер түскен жоқ. Тұтынушылар құжаттардың көшірмелерін қоса берумен, өтінімдерді қағаз түрінде әкелуді жалғастыруда.

**Ұсынымдар:**

1) Геопортал арқылы техникалық шарттарды алу мүмкіндігі туралы түсіндіру іс-шараларын, оның ішінде БАҚ арқылы жүргізу.

**II. Кәсіпорынның ұйымдастырушылық - басқару қызметіндегі**

**жемқорлық тәуекелдерін анықтау**

**1) Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың алмасуы.**

Кәсіпорынның штаттық саны – 963 бірлікті құрайды. 2022 жылғы қарашадағы жағдай бойынша кәсіпорында 764 адам жұмыс істейді. Кәсіпорынның қызметкерлері мемлекеттік қызметшілер санатына жатпайды. Бос лауазымдар саны 80 бірлік. Кәсіпорынның кадрлар бөлімі бос лауазымдарды жабу бойынша тұрақты жұмыс жүргізуде. Халықты жұмыспен қамту орталығына өтінімдер жіберіледі, кәсіпорынның сайтында хабарландырулар орналастырылады: ukg-vodokanal.kz. instagram қосымшасында: presssec.vodokanal.ukg. Бос жұмыс орындарының көптігі жалақының төмен деңгейіне байланысты. Жалақыны қалыптастыру ҚР Ұлттық экономика Министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығымен бекітілген тарифтерді қалыптастыру қағидаларына сәйкес Субъект жыл ішіндегі статистика деректері бойынша қалыптасқан экономикалық қызмет түрлеріне сәйкес қызметтер көрсететін өңірдегі орташа айлық жалақыны (өңір бойынша төмен болып табылады) негізге ала отырып жүргізіледі.

***Кадрлардың алмасуы:***

2022 жылғы қаңтар-карашада 168 адам жұмыстан шығарылды, соның ішінде:

- 147 жұмысшы өз қалауы бойынша;
- 15 адам зейнеткерлік жасқа жетуіне байланысты;
- 3 адам денсаулық жағдайына байланысты.
- 3 жұмысшы қаза болуына байланысты.

Есеп беру кезеңіде жұмысқа 136 адам қабылданды.

Жоғары лауазымға ауыстырылды – 0 жұмысшы.

Лауазымынан төмендету фактілері анықталған жоқ.

Кәсіпорын қызметкерлері тиісті мамандықтың лауазымдық нұсқаулығында бекітілген, атқаратын лауазымына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес.

***Тәртіптік жазалар:***

2022 жылғы қаңтар-карашаға Кәсіпорында тәртіптік жауапкершілікке 3 жұмысшы тартылды:

- лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін **1 жұмысшыға** - ескерту жарияланды (Мемлекеттік сатып алу туралы заңнама саласындағы бұзушылық, атап айтқанда сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) техникалық ерекшелігінде ұлттық стандартты (МЕМСТ) көрсетпеу. Бұл бұзушылық сыбайлас жемқорлықтың көріну фактісі ретінде сараланбайды);

- кәсіпорынның еңбек тәртібін бұзғаны үшін 2 қызметкерге сөгіс жарияланды.

Ағымдағы кезеңде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылған адамдар болған жоқ.

**Ұсынымдар:**

1) Бос лауазымдарды толтыру жөнінде шаралар қабылдасын.

2) Еңбек тәртібін нығайту мақсатында және тәрбие мақсатында бұрын қолданылған тәртіптік жазаларды мерзімінен бұрын алып тастау жағдайларына жол бермеу.

Қолданылған тәртіптік жазаларды мерзімінен бұрын алу фактілері анықталған жоқ.

***<u>Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері:</u>***

Кәсіпорында азаматтардың өтініштерін уақтылы қабылдау мен қарауды бақылауды жүзеге асыруға жауапты қызметкерлер бар.

2021 жылғы шілдеден бастап «Е-Өтініш» жүйесі енгізілді, онда Қазақстан Республикасының Әкімшілік - рәсімдік процестік кодексінің (бұдан әрі - ӘРПК) талаптарына сәйкес өтініштерді тіркеу, есепке алу және өңдеу жүргізіледі.

2022 жылғы қаңтар - қараша аралығында кәсіпорын атына жеке және заңды тұлғалардан 3382 өтініш келіп түсті, оның ішінде: абоненттік бөлімге 1241 өтініш және кәсіпорын басқармасының әртүрлі бөлімшелеріне 2118 өтініш, «Е-Өтініш» жүйесі арқылы 23 өтініш түсті.

Абоненттік бөлім бойынша негізінде:

Шарттарды қайта жасасу мәселесі бойынша заңды тұлғалардан 453 өтініш, сумен қамту және су бұру қызметтері үшін төлемді есептеуді түсіндіру бойынша 464 және түрлі мәселелер бойынша 218 өтініш. Шарттар қайта жасалды, түсініктемелер берілді;

41 жеке тұлғалардың жүргізілген төлемақыны қайта есептеу, сумен қамту және су бұру қызметтері үшін жүргізілген төлемақыны есептеуді түсіндіру мәселесі бойынша өтініші, түрлі мәселелер бойынша 65 өтініш. Тұтынушыларға түсініктемелер берілді.

Басқарма бөлімдеріне 2118 өтініш:

Жеке тұлғалардан 1307 өтініш. бұл ретте техникалық шарттарды алуға 1242 өтініш және әртүрлі мәселелер бойынша 65 өтініш.

Заңды тұлғалардан 811 өтініш. Бұл ретте техникалық шарттарды алуға 775 өтініш және әртүрлі мәселелер бойынша 36 өтініш.

Техникалық шарттарды алуға арналған барлық өтінімдер құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, қағаз түрінде жіберілді.

Барлық өтініштер заңнамада белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасы Әкімшілік - рәсімдік іс жүргізу кодексінің нормаларына сәйкес қаралды.

**Ұсынымдар**

1) Кәсіпорын қызметкерлері арасында Қазақстан Республикасы Әкімшілік - рәсімдік іс жүргізу кодексінің нормалары мен талаптарын түсіндіру бойынша қосымша жұмыс жүргізілсін. Қызметкерлердің назарын оларды қарау кезінде мерзімдердің бұзылуына жол бермеуге назар аудару.

**2) Мүдделер дауын реттеу**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне, мүдделер қақтығысына, жақын туыстарының, жұбайлары мен жекжаттарының бірлескен жұмысына ішкі талдау жүргізу кезінде анықталмаған.

**3) Мемлекеттік қызмет көрсету**

«Өскемен Водоканал» МКК мемлекеттік қызметтер көрсетпейді. Кәсіпорын Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Бәсекелестікті қорғау және табиғи монополияларды реттеу бойынша комитетінің ШҚО бойынша Департаменті бекіткен немесе келісілген, тарифтер бойынша қала тұрғындарына сумен қамту және су бұру қызметтерін көрсетеді.

**4) Кәсіпорын рұқсат қызметтеріне ие емес.**

**5) Кәсіпорын бақылау қызметтеріне ие емес.**

**6) Сыбайлас жемқорлық тәуекелін ішкі талдау объектінің ұйымдастыру-басқару қызметінен шығатын өзге мәселелер.**

Есептік кезеңде кәсіпорынды мемлекеттік бақылау органдарының тексеру қорытындылары бойынша келесі бұзушылықтар анықталды:

Ағымдағы жылдың шілде айында «ШҚО бойынша ішкі мемлекеттік аудит Департаменті» РММ (бұдан әрі – ІМАД) тексеру бойынша сатып алуды өткізу кезінде кәсіпорын жол берген бұзушылықтар анықталды, атап айтқанда тауардың техникалық ерекшелігінде ұлттық стандарттарға не мемлекетаралық стандарттарға нұсқау жоқ. Заң жұмысы және мемлекеттік сатып алу бөлімінің бастығына бөлім қызметкерлерінің мемлекеттік сатып алу туралы заңнама талаптарын сақтауын әлсіз бақылау және заңнаманы бұзуды болдырмау жөнінде пәрменді шаралар қабылдау керектігі айтылды.

Кәсіпорынның мемлекеттік сатып алу маманына жіберілген бұзушылықтар үшін ескерту жарияланды.

Тексеру барысында анықталған бұзушылықтар сыбайлас жемқорлық фактілері ретінде сараланбайды.

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар:**

Комплаенс - қызметтің 2022 жылға арналған 2021 жылғы 31 желтоқсандағы бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес, Кәсіпорында есепті кезеңде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру мақсатында Кәсіпорын объектілерінің ғимараттарындағы стендтерде арнайы ақпараттық парақтар орналастырылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы түсіндіру, 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасының негізгі ережелері мен қағидаттарын түсіндіру, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік тақырыптарында семинарлар өткізілді. Кәсіпорын қызметкерлерін Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Әкімшілік құқық бұзушылық жасау факторларының, оның ішінде сыбайлас жемқорлық факторларының болуы туралы хатымен, мемлекеттік қызметшілермен, ведомстволық бағынысты ұйымдардың, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметкерлерімен таныстыру.

Сондай-ақ, мынадай құжаттар әзірленіп, енгізілді: сыбайлас

жөніндегі ереже, кәсіпорын қызметкерлеріне коммерциялық пара беруге сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Нұсқаулық. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізілді, оның нәтижелері кәсіпорынның сайтында орналастырылды: ukg-vodokanal.kz.

Жұмысқа қабылдау кезінде, сондай-ақ бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған адамдарды (қызметкерлерді) анықтау бойынша қызметкерлер арасында мониторинг жүргізіледі.

Кәсіпорын ғимаратында лауазымды тұлғалардың заңды емес әрекеттеріне жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау үшін «Сенім» жәшігі орналастырылған. Бүгінгі күні өтініштер түскен жоқ.

**Комиссия төрағасы:**

**Директор** **Е.М. Аубакиров**

Жұмыс комиссиясының мүшелері:

Директордың қаржы-экономикалық
сұрақтар жөніндегі
орынбасары А.С. Оспанова

Заң бөлімінің бастығы Е.М. Молдагулов

Кадрлар бөлімінің бастығы Г.Т. Оспантаева

1-санатты заң кеңесші
(коплаенс-офицер) Т.С. Ложникова